теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

23) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

24) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

25) Министрдің бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

26) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

27) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

28) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

29) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

30) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

31) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

32) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

33) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

34) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

35) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге тиіс кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

36) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде олардың қызметін тексеру;

37) ішкі су көлігі саласында тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

38) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарап-тексеру, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізу;

39) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

40) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

41) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

42) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуі тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттауды және оларға диплом беруді жүзеге асыру;

43) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын олардың кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуы тұрғысынан қарап-тексеруді жүргізу;

44) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін жүргізуден шеттетуді және оларды медициналық тексеруге жіберу;

45) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізуді жүзеге асыру;

46) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

47) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

48) кемелерде техникалық пайдалану қағидаларының, қызмет жарғыларының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

49) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

50) кеме пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

51) кеме пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу;

52) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын

тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

53) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

54) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

55) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

56) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

57) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Инспекцияның құқықтары мен міндеттемелері:

Инспекция:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды;

4) хаттамалар толтырады, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басына тексеріс және жеке тұлғаның өзіндегі заттарына тексеріс жүргізеді, көлік құралдарына тексеріс жүргізуді жүзеге асырады;

6) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, тауарларға, өзге де мүлікке, сондай-ақ тиісті құжаттарға тексеру жүргізеді;

7) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

8) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

9) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің қызмет

ету тәртібін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, стандарттарының және нормаларының талаптарын бұзушылық туралы актілер шығарады және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;

10) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;

11) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

12) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Инспекцияның міндеттемелеріне:

1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Инспекцияның құрылымын және штат санын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің келісімі бойынша Министрліктің жауапты хатшысы бекітеді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттемелері";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Инспекцияның міндеттері:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармағымен толықтырылсын:

"12-1. Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

5) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;

6) республикаішілік қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру;

7) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

8) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

10) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша қалалардың шекараларындағы немесе өзге де елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автокөлік жолдарындағы

көлік бақылау орындарында автокөлік құралдарының жүрістеріне бақылау жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

14) автокөлік құралдарының жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

15) тахографтарға қызмет көрсету және орнату бойынша қызметті жүзеге асыратын сервистік орталықтарға бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автожолдарда және автокөліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша іс-қимылдарды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

18) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамына қойылатын талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асыру;

19) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге асыру;

20) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

21) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме темір жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

22) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін олардың:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдаудың белгіленген қағидаларын, сондай-ақ Жүктерді тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол

өтпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

23) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

24) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

25) Министрдің бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

26) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

27) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

28) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

29) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

30) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

31) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

32) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

33) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

34) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық

жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

35) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге тиіс кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

36) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде олардың қызметін тексеру;

37) ішкі су көлігі саласында тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

38) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарап-тексеру, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізу;

39) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

40) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

41) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

42) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуі тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттауды және оларға диплом беруді жүзеге асыру;

43) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын олардың кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуы тұрғысынан қарап-тексеруді жүргізу;

44) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін жүргізуден шеттету және оларды медициналық тексеруге жіберу;

45) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізуді жүзеге асыру;

46) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

47) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

48) кемелерде техникалық пайдалану қағидаларының, қызмет жарғыларының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

49) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

50) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

51) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу;

52) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

53) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

54) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

55) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

56) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

57) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Инспекцияның құқықтары мен міндеттемелері:

Инспекция:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды;

4) хаттамалар толтырады, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басына тексеріс және жеке тұлғаның өзіндегі заттарына тексеріс жүргізеді, көлік құралдарына тексеріс жүргізуді жүзеге асырады;

6) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, тауарларға, өзге де мүлікке, сондай-ақ тиісті құжаттарға тексеру жүргізеді;

7) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

8) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

9) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің қызмет ету тәртібін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, стандарттарының және нормаларының талаптарын бұзушылық туралы актілер шығарады және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;

10) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;

11) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

12) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Инспекцияның міндеттемелеріне:

1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Инспекцияның құрылымын және штат санын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің келісімі бойынша Министрліктің жауапты хатшысы бекітеді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттемелері";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Инспекцияның міндеттері:

1) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде көліктің және оның өмірлік циклі процестерінің адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) реттелетін салаларда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармағымен толықтырылсын:

"12-1. Инспекция Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік құпияларды қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

2) транзиттік әлеуетті пайдалану туралы ақпаратты жинау, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын есепке алу, белгіленген нысандағы есеп беру құжаттары түрінде жинақталған ақпаратты беруді ұйымдастыру мен жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шетел мемлекетінің аумағы бойынша Қазақстан Республикасы тасымалдаушыларының жүріп өтуіне рұқсат беру;

4) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша отандық және шетелдік ірі габаритті және (немесе) ауыр салмақты көлік құралдарының жүріп өтуіне арнайы рұқсаттар беру;

5) шетелдік автокөлік құралдарының уақытша кіруін тіркеу;

6) республикаішілік қатынаста жолаушылар мен багажды тұрақты емес автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру;

7) жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат карточкаларын беру;

8) көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;

9) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттің тасымалдаушыларына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өтуге рұқсат беру;

10) Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

11) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша қалалардың шекараларындағы немесе өзге де елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автокөлік жолдарындағы көлік бақылау орындарында автокөлік құралдарының жүрістеріне бақылау жүргізу;

12) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік тасымалдаушылардың каботаждық тасымалдауын анықтау және жолын кесуді жүзеге асыру;

13) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастыру кезінде рұқсат беру жүйесі талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

14) автокөлік құралдарының жүруін, оның ішінде отандық және шетелдік тасымалдаушылардың Қазақстан Республикасының аумағында белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген габариттік және салмақтық өлшемдердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

15) тахографтарға қызмет көрсету және орнату бойынша қызметті жүзеге асыратын сервистік орталықтарға бақылауды жүзеге асыру;

16) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен автожолдарда және автокөліктерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бойынша іс-қимылдарды жүзеге асыру;

17) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру;

18) тасымалдаушылардың халықаралық қатынаста тез бұзылатын жүктерді тасымалдауды орындайтын жылжымалы құрамына қойылатын талаптарды орындауын бақылауды жүзеге асыру;

19) жолаушылар мен жүктерді, оның ішінде қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

20) теміржол көлігіндегі, оның ішінде магистральдық, станциялық және кірме темір жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды және тексеруді жүзеге асыру;

21) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін олардың:

теміржол желісінің станциялық және магистральдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды, жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдаудың белгіленген қағидаларын, сондай-ақ Жүктерді тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды, сондай-ақ жасанды құрылыстарды және теміржол өтпелерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруді жүзеге асыру;

22) жылжымалы құрам мен жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру;

23) жылжымалы теміржол құрамының мемлекеттік тіркелуін бақылауды жүзеге асыру;

24) Министрдің бұйрығымен бекітілген Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген тәртіппен тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтерді пайдаланушылар мен вагондар (контейнерлер) операторларын қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушының қауіпсіздігін басқару жүйесінің аудитін жүргізу;

25) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеуге қатысу;

26) жолаушылар поездарының Қазақстан Республикасы аумағымен жүру жолында жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу;

27) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жататын қызметтің немесе іс-қимылдың жекелеген түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;

28) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

29) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

30) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде белгіленген тәртіппен хаттамалар толтыру, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;

31) өз құзыреті шегінде тексеру нәтижелері бойынша актілер жасау және көліктің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, стандарттар мен нормалардың талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

32) қозғалыс қауіпсіздігінің және қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі жауап бермейтін магистральдық теміржол желісі объектілерін, теміржолдар мен жылжымалы құрамды пайдалануды тоқтата тұруды және тоқтатуды жүзеге асыру;

33) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, көлік құралдарын, тауарларды, өзге мүлік пен заттарды тексеріп қарауды жүргізу кезінде табылған, әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүліктер мен заттарды алып қою;

34) кеме кітабында мемлекеттік тіркелуге тиіс кемелерге техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

35) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде олардың қызметін тексеру;

36) ішкі су көлігі саласында тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

37) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарап-тексеру, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді жүргізу;

38) жеке және заңды тұлғалардың көліктің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау;

39) өз құзыреті шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеуі тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының

заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізу;

40) кемелерді, оның ішінде шағын көлемді кемелерді, оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, тиісті кеме құжаттарын беру, Мемлекеттік кеме тізілімін, кеме кітабын және жалға алынған шетелдік кемелердің тізілімін жүргізу;

41) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркелуі тиіс кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттауды және оларға диплом беруді жүзеге асыру;

42) кемелерді, салдарды және ішкі су жолдарында орналасқан өзге де жүзу объектілері мен құрылыстарын олардың кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сай болуы тұрғысынан қарап-тексеруді жүргізу;

43) алкогольден, есірткіден және уытқұмарлықтан мас күйдегі шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін жүргізуден шеттетуді және оларды медициналық тексеруге жіберу;

44) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүргізуді жүзеге асыру;

45) жеке және заңды тұлғалардың ішкі су жолдарымен жүзу қағидаларын сақтауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

46) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, ішкі су көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін жеке және заңды тұлғалардың сақтауын бақылауды ұйымдастыру;

47) кемелерде техникалық пайдалану қағидаларының, қызмет жарғыларының сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

48) ішкі су жолдарында кеме қатынасын жүзеге асыратын кеме иелерінің, кеме экипажы мүшелерінің, жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының ішкі су көлігі туралы заңнамасына сәйкес кемелерді пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

49) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстау;

50) кемені пайдалану қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің (оның ішінде шағын көлемді), салдар мен өзге де жүзу объектілерінің қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салу;

51) Министрдің бұйрығымен бекітілген Ішкі су жолдарында кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын

тергеп-тексеруді, оларды сыныптауды және есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес кемелермен, оның ішінде шағын көлемді кемелермен болған көлік оқиғаларын тергеп-тексеру, сыныптау және есепке алу;

52) кеме қатынасы су жолдарының және навигациялық жабдық құралдарының тиісті күтіп-ұсталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

53) ішкі су көлігі саласындағы бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

54) техникалық қарап-тексеру операторларының тізілімін жүргізу;

55) техникалық қарап-тексеру операторларының механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

56) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Инспекцияның құқықтары мен міндеттемелері:

Инспекция:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалдарды сұратады және алады;

2) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктегі тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін тексереді;

3) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәселелерді қарайды;

4) хаттамалар толтырады, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге асырады;

5) жеке тұлғаны әкімшілік ұстауды, көлік құралын ұстауды, тұлғаның жеке басына тексеріс және жеке тұлғаның өзіндегі заттарына тексеріс жүргізеді, көлік құралдарына тексеріс жүргізуді жүзеге асырады;

6) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, тауарларға, өзге де мүлікке, сондай-ақ тиісті құжаттарға тексеру жүргізеді;

7) әуе және құбыржол көлігін қоспағанда, көліктік оқиғалардың, көлікті пайдалану ережесін бұзудың алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізеді;

8) көліктік бақылау посттарында, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында, қалалар және өзге де елді мекендер шегінде автокөлік құралдарын тоқтатады;

9) өз құзыреті шегінде, тексерулердің нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы заңдарының, әуе және құбыржол көлігінен басқа көліктің қызмет

ету тәртібін белгілейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, стандарттарының және нормаларының талаптарын бұзушылық туралы актілер шығарады және бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар енгізеді;

10) арнайы байланыс құралдарын пайдаланады, арнайы су көлігі және арнайы автокөлік, сондай-ақ өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде таяқша және ысқырық пайдаланады;

11) уәкілетті органның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартады;

12) қолданыстағы заңнамамен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

Инспекцияның міндеттемелеріне:

1) Инспекцияға жүктелген міндеттер мен функциялардың іске асуын қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

3) Инспекция құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсіндірмелер беру;

4) Инспекция теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

5) бухгалтерлік есепті жүргізу, бухгалтерлік және қаржылық есепті Комитетке тапсыру;

6) Инспекцияға бөлінген бюджет қаражатының толық, уақтылы және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алулар рәсімдерін жүргізу кіреді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ПТӘ) теңіз порттарының акваториясында теңіз кемелерін пайдалану саласындағы бақылау-қадағалау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. ПТӘ негізгі міндеті теңіз порттарының акваториясында кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуді бақылау болып табылады.";

11-тармақта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәліктерінің, теңізде жүзу кітапшаларының тізілімдерін жүргізуді және оларды беруді, сондай-ақ кәсіби дипломдарды, кәсіби дипломдардың растамаларын, жеңілдік рұқсаттарын беру, олардың қолданылу мерзімін тоқтата тұруды, алып қоюды;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) уәкілетті орган бекіткен Қағидаларға сәйкес уәкілетті органды авариялық жағдай туралы хабардар ету, кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеп-тексеру үшін қажетті ақпарат пен дәлелдемелерді жинауды;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) мемлекеттік органдардың (шекара, санитариялық-карантиндік, фитосанитариялық, ветеринариялық, мемлекеттік кіріс органдарының және басқаларының) теңіз порты аумағында орналасатын жерін белгіледі;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттамалар жасауды, іс жүргізуді;"

мынадай мазмұндағы 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27), 28) және 29) тармақшаларымен толықтырылсын:

"16) кеме қатынасы және теңізде жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау мен қадағалауды;

17) су көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы бөлігінде қызметін тексеруді;

18) авариялық жағдайларды және көлік оқиғаларын, Су көлігін пайдалану тәртібінің бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі шаралар туралы мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуді;

19) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды;

20) порттық құрылыстардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылауды және қадағалауды;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда теңіз кемелерін әкімшілік ұстауды, теңіз кемелерінде тексеру жүргізуді;

22) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарау, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді;

23) кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптардың сақталуын бақылауды;

24) жеке және заңды тұлғалардың су көлігінің жұмыс істеу, олардың бұзылуын анықтау және жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылау және қадағалауды;

25) өз құзыретінің шегінде тексерулер нәтижелері бойынша актілер жасау және су көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының заңнамасын, стандарттары мен нормаларының анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқамалар енгізуді;

26) кемеде кеме құжаттарының бар болуын тексеруді;

27) кемені пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарына сәйкес келмейтін кемелерді, салдар мен өзге де жүзу объектілерін ұстауды;

28) кеме қатынасы қауіпсіздігіне, адамдардың өмірі мен денсаулығына, жүктердің сақталуына қауіп болған кезде кемелердің, салдар мен өзге де жүзу құрылыстарының қозғалысын тоқтата тұру және тыйым салуды;

29) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерінде және Министрдің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады."

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті:

1) осы бұйрықтың көшірмесін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрықты бекіту күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық бекітілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2017 жылғы 18 мамырдағы
№278 бұйрығына
қосымша
"Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінің
Көлік комитеті" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
Ережесіне
қосымша

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесі

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Ақмола облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Маңғыстау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Ақтөбе облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Астана қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Атырау облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Шығыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Алматы қаласы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Жамбыл облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

9) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Батыс Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

10) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

11) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қостанай облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

12) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

13) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Павлодар облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

15) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитеті "Алматы облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

16) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы " республикалық мемлекеттік мекемесі;

17) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Ақтау және Баутино порттарының теңіз әкімшілігі" республикалық мемлекеттік мекемесі.

"Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

1) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Балқаш су жолдары кәсіпорны" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстанның кеме қатынасының тіркелімі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Көлік комитетінің "Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.